

Тыңайтқышты тиімді пайдалансақ ...

Ауыл шаруашылық өнімнің шығымы мен сапасы нәрлі топыраққа байланысты. Ал топырақты құнарландырудың тиімді жолы-минералды және органикалық тыңайтқыштарды пайдалану. Дегенмен елімізде бұл жұмыстар әлі де бір ізге қойылмаған. Жер ресурстарын басқару агенттігінің «Агрохимия қызметі» Республикалық ғылыми әдістемелік орталығы мемлекеттік мекемесінің өкілі Тілекқабыл Ермекбаевтың айтуыншы: біріншіден, тыңайтқыштар ешқандай жүйесіз қолданылса, екіншіден, топырақтың құнарлылығы ескерілмейді.

Ауыл шаруашылық өнімін, оның ішінде астықты мол алу үшін жерді пайдаланудың теориялық мәселелеріне ерекше назар аудару керек. Себебі, тыңайтқыштарды ретсіз қолдану, қуаңшылық, ылғалдың аздығы, агро техникаларды дұрыс пайдаланбау жер қыртысын бүлдіріп, астықтың сапасын нашарлатып, шығымын төмендетеді. Сондықтан қоректік заттарды ұтымды қолдану арқылы топырақтың табиғи қалпын сақтап қалуға болады. Ал табиғи топырақтан нәр алған бидайдың тәуір өсетіні анық.

Топырақтың құнарлығы

- Топырақтың құнарлығын әлеуетті (потенциалды немесе табиғи) және тиімді құнарлылық деп екі түрге бөледі. Табиғи құнарлылық топырақтың құралу факторларының әсерімен табиғаттың өзі жасаған құнарлылық. Ол топырақтың түріне, механикалық құрамына, физикалық және химиялық қасиеттеріне, қарашіріктің мөлшеріне және басқа жағдайларға байланысты болады. Табиғи құнарлылықтың және тыңайған жерлерге тән болады. Тиімді құнарлылық ауылшаруашылық өсімдіктерінің өсуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау үшін топырақ өңдеу құралдарын пайдаланғанда байқалады. Тиімді құнарлылық – егінші еңбегінің жемісі. Ғылымның дамуымен бірге өсіп отыратын техникалық өрлеу мұндағы басты фактор болып табылады. Ғылым мен техниканың өрлеуіне байланысты топырақтың тиімді құнарлылығы да өсіп отырады.

«Нефтедеструктор-Казбио»

Облыстық экология департаменті берген мәліметке сүйенсек, төгілген мұнай қалдықтарын тазалап, залалсыздандыру жұмыстары индустрияландыру картасы аясында ашылған «Эко-Техникс» ЖШС-іне жүктеледі екен. Германиядан арнайы алдырылған қондырғы арқылы бүлінген топырақтағы мұнай қалдықтарын сұйық және қатты түрге ажыратып алуға болады. Ал одан бөлініп шыққан мұнай әрі қарай тереңдетіп өңделіп, қажетке жарайды. Нақты айта кетсек, серіктестік қызметінде мынадай тәсілдерді пайдаланады: біріншісі – физикалық-химиялық әдіс. «Өнеркәсіптік қалдықтарды залалсыздандырудың бұл әдісі бұрғылау қалдықтарын, мазутпен ластанған топырақты, мұнай өндіретін кәсіпорындардың техникалық науаларын залалсыздандыру бағытында қолданылады. Соның нәтижесінде, антропогендік қалдық топырақтарды жол-құрылыс материалдары ретінде пайдалануға болады, – дейді облыстың бас экологиялық инспекторы Қанат Қалмахан. – Екіншісі – микробиологиялық әдіспен залалсыздандыру. «Родотрин», «Бакойл», «Нефтедеструктор-Казбио» биопрепараттары қолданылады. Бұл препараттар көмірсутекті ластануды 99 пайызға дейін тазалауға қауқарлы. Осылай залалсыздандырылған қалдықтар жер қыртысының үстіңгі жағын, қосымша қабаттарды және автомобиль жолдарының жол төсемі негіздерінің қабаттарын орналастыруға пайдаланылады. Үшінші – термиялық әдіс. Бұл әдіспен тазартылған өнім «термиялық топырақ» деп аталады. Залалсыздандыру нәтижесінде алынған өнімдер құрылыс материалдары ретінде қолданылады».

